

12.5.3. Научные статьи и публикации

Сапалы білім-Ел дамуының қайнар көзі

Сахиев С.Е.- Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім. Білім – ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауы. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық белестерімізге қорытынды жасап, 2020 жылға дейінгі дамуымыздың бағдарын айқындап бергенде де білімге көп назар аударды.

Әрине, тәуелсіз еліміздің кезең-кезеңмен атқарып жатқан іс-шаралары мемлекетшіл өре мен қуаттың ізденісін аңғартады. Сондықтан Жолдауда Елбасымыз Қазақстан дамуының басты шарты қоғам мүшелерінің білім деңгейінің артуына тікелей байланысты екендігін атап көрсетті. Бұл – индустриялық-инновациялық дамуды жүйелеу және адам капиталына инвестиция көбейту деген сөз.

Жаһандану заманында интеллектуалды ұлт қалыптастыру, Мемлекет басшысы нұсқағандай, қатал бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын алға тартатын күш ретінде орнықтыруға да байланысты. Отандық білім жүйесі өз қызметін “Білім беруге салынған бүгінгі инвестиция – мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық” деген қағидатқа сүйене отырып жүзеге асыруы керек.

Межеленіп отырған міндеттер жастардың дүниетанымын өзгертіп, олардың жаңаша ойлау қабілетін арттыруға, білімге деген құштарлығын оятуға, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағытталып отыр. Елбасының бағдарла-малық еңбектерінде көрсетілгендей, білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтау, білімнің халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман даярлау отандық білім саясатының негізгі ұстынын айқындайды.

Кеңестік білім мен ғылымдағы томаға-тұйықтық немесе біржақтылық осы сала әлеуетін тежеп ұстағаны жасырын емес. Әйтпесе дүние жүзінде, әсіресе оразды елдерде білім – экономиканың өндіруші саласы. Бір сөзбен айтқанда, білім мен ғылым өзін-өзі асырайды және елді де асырайды. Нарықтық экономика, бәсекелестік жағдайында “тұтынушы қалауына” бағытталған қағидат жұмыс істеуі тиіс.

Мұны білім мәселесіне байланысты байыптасақ, Отанымыздағы әрбір оқу орны тапсырыс берушінің (ол мейлі мемлекеттің өзі бола ма, жоқ өз қаржысымен оқуға тілек білдірген жеке адам бола ма – бәрібір) қалағанынан, не күткенінен асып түсуі керек. Сонымен бірге бұл оқу орны тұтынушының бүгінгі мүддесіне ғана емес, келешек тағдырына (карьерасына, материалдық және рухани ынсап-берекесіне) ықпал ететіндей білім беруі тиіс. Осы

тұрғыдан келгенде, болашақ маманның сапасын оның білімділігі мен кұзыреттілігі анықтайды. Еңбек базары осы қасиетті талап етеді. Сонымен, бұдан шығатын қорытынды: білім сапасы – өмір сапасының негізі.

Қалыптасқан мектепке дейінгі, бастауыш, орта, арнаулы, жоғары, жоғарыдан кейінгі білім жүйесі Қазақстан әлемдік аренаға шыққан сайын томаға-тұйықталмай, кезеңдік шектеушілікке бармай, сапа баспалдақтарынан өтіп, икемділікпен және академиялық ұтқырлықпен жұмыс істесе, арман-аңсар орындалатын және орындалған іске айналар еді.

Мектеп алды білім беру жүйесін дамытудың негізгі мақсаты – қоғамның әлеуметтік еңсесін көтеруге жұмылған ұйымдар желісін арттыру. Жалпы, бізде ата-ана мен қоғам жауапкершілігі тең дәрежеде бөлінгені жөн. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру да – алдымыздағы үлкен мақсаттардың бірі. Ол үшін балалардың шығармашылық және интеллектуалды қабілетін дамытуға себепші жаңа өлшем-стандарт қалыптастыру қажет. Оны жасау денсаулық, білім, таным, шығармашылық, әлеуметтік ортаның өзара қатынасы салаларымен тығыз байланысты. Мұны бір жақтан оп-оңай көшіруге де болмайды. Өйткені байырғы Қазақ елі мен жерінде түзілген тәрбие-тәлім тетіктері жаңа мазмұнмен байытылып, жаңа пішінмен ұсынылуы керек. Бұл орайда баланың жеке жас ерекшелігі әлеуетін ашуға жағдай тудыру, тұлғаны жан-жақты дамыту, әлеуметтік ортада қа-лыпты қарым-қатынас жасау бағдарында шығармашыл азамат тәрбиелеу, т.б. қоғам талабы мен жауапкершілігі күн тәртібінен түспейді. Ғұлама әл-Фараби айтқандай: “Адамдардың сұранымы – олардың кемшілігі емес, үздіксіз дамуының белгісі”.

Жалпы алғанда мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру – бала тәрбиесін салаландырудың тетігі және оны оқытуға дайындаудың іргетасы. Түзік тәрбиемен, дұрыс дайындықпен келген бала мектеп бағдарламасын еркін игеріп кететіні – атар таңдай ақиқат.

Білім жүйесіндегі ең маңызды буын – орта білім. Біле-білсек, орта мектеп – интел-лектуалды ұлтты қалыптастырудың негізі. Біріншіден, бұл буын қоғамның барлық мүшесіне қатысы бар. Сондықтан бұған әрбір отбасы алаңдап, толғанады. Екінші-ден, жалпы білім бастауын мектептен алады, ол – оның қайнар көзі десек те болады. Сондықтан мектеп неғұрлым таза, серпінді, шығармашыл, толыққанды болса, ол келіп құятын білім айдыны да сондай дәрежеден табылады. Нәтижесінде отбасы, қоғам, өмір жақсарып, сапалық көрсеткіштер жоғарылайды.

Мектепте-ақ әрбір жеткіншектің бейімі айқындалады: жүрегінде отаншылдықтың негізін орнықтырады, санасында болашақ кәсібін таразылайды. Яғни, жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлау жұмысын дұрыс жолға қоюға қолайлы алғышарттар туады. Өйткені, университет табалдырығын аттаған жас үміткерлердің білім деңгейі, жалпы дайындығы бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болары анық. Мұны халық “кермедегі сәйгүліктер” дер. ЖОО-ға тиісті сынақтардан мүдірмей өткен, жоғары білімді игерсем деп ниеттенген жастар ғана келеді. Елбасымыз жаңа елорда қалыптасуының елең-алаңында Астанадағы №38

мектептің тұсауын кесіп тұрып: “Жаңа өскелең жас ұрпақ ата-бабалары армандап кеткен, тәубелеп жеткен тәуелсіздікті көздің қарашығындай қорғауы керек, сақтауы керек” деген болатын. Тәуелсіздікті қорғау, мемлекетшілдік сананы қалыптастыру мектеп жасындағы отаншылдық тәлім-тәрбиемен, озық біліммен жүзеге асары сөзсіз.

Осы тұста “12 жылдық мектеп” моделін енгізу мәселесіне асқан жауапкершілікпен қараған жөн. Елбасы талабы осыған саяды. Бұл баспалдақ – өзінің күрделілігі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген іс-шара. Бұл жерде бағындырар биік тек сандық көрсеткіште ғана болмаса керек. Мұндағы бас тетік – сапа мен мазмұнда.

Жаңа іс көп маңдай терді талап етері сөзсіз. Олай болса орта білім стандарттарының негізгі ережесін және бастауыш білім стандартымен қатар бейіндік білім тұжырымдамасын, оқушылардың білім деңгейін бағалау жүйесін пысықтау – маңызды шаралар. Жұмыстың толыққанды атқарылуы үшін оның заңнамалық негізін жаңарту, болашақта бұл мектептерді жеткілікті қаржыландыру, орта білімнің дамуына сай келетіндей материалдық-техникалық база қалыптастыру, бала басына шағып есептелген қаржыландыруды енгізу, педагогтердің мәртебесін айқындау сияқты көптеген мәселелерді қоғам болып шешу – әрі міндет, әрі жауапкершілік.

Осының ішінде қыруар қаржы мен көп көңіл бөлуді қажет ететіні – мектептердегі тиісті материалдық-техникалық базаны қалыптастыру жайы. Өйткені, бұл мәселе 12 жылдық білім беру жүйесінің негізгі алғышарттарына жатады. БАҚ-та жарияланып жатқан білім ардагерлері мен мамандарының ұсыныстарында бейіндік мектептер салуды қолға алу қажеттігі жиі айтылады. Бұйырса, ол меже де тым алыста емес.

Білім сапасы, түптеп келгенде, оқулықтың сапасына тікелей байланысты. 12 жылдық мектепке қажетті оқулықтар дайындау жұмысы әлі өткір күйінде тұр. Қазіргі пәндік білім беру әдісіне негізделген оқулықтардың орнына оқушылардың әлеуметтенуіне ықпал жасайтын, оларды азамат етіп қалыптастыруға бағытталған оқулықтар келуі керек. Ол оқулықтардың мазмұны 12 жылдық мектептің тұжырымдамасы мен оқу стандарттарына сәйкескенде ғана жоспарланып отырған жаңа орта білім жүйесі табысқа жетеді. Осы ретте отандық білімдегі ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы А.Байтұрсынұлы тәжірибесі мен 50-жылдардағы тәжірибе ойға оралады. Ынта қойылса, тәуекел болса, бәріне де қол жеткізе аламыз. Сынау мен мінеу оңай, бірақ оқушы санасына тамызық болатын оқулықтарды жазу – бар оқығанның міндеті. Алаш тұсында жазушы да, ақын да, қайраткер де оқулық жазды емес пе?!

Елбасының халыққа Жолдауына сәйкес, 12 жылдық мектеп 2020 жылы толыққанды жұмыс істей бастайтын болады. Ал Қазақстан Республикасы дамуының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында көрсетілгендей, 12 жылдық білім беруге көшудің мерзімі 2015 жыл деп белгіленіп отыр. Осы мерзімде жаңа жүйеге көшу бойынша кешенді әзірлік жұмыстары өз мәресіне жетеді.

Мемлекетіміздің келешек интеллектуалды қорын құруға нақты қадамдар жасалып жатыр. Бұл тұрғыда 2009 жылдан бастап ашылған Тұңғыш Президенттің интеллектуалдық мектептері туралы баса айтқан жөн. Қазіргі таңда олар Астана, Семей және Көкшетау қалаларында ашылды. 2020 жылы аталған жоба шеңберінде жалпы Қазақстанда 20 мектеп жұмыс істемек.

Осы мерзім ішінде апатты жағдайдағы мектептер, үш ауысымды оқу үдерісі жойылып, бүгінгі күннің өзекті проблемасы – оқушы орнының тапшылығын шешу мақсаты қойылып отыр.

Сонымен бірге барлық мектептер интерактивті химия, физика, биология оқу каби-неттерімен жабдықталып, электронды оқу жүйесін құру жұмыстары аяқталады. Әрбір оқушы жеке компьютермен қамтамасыз етіліп, білім беру ұйымдары толығымен кең жолақты Интернетке қосылады. Бұл орайда қазірдің өзінде әлемдік және отандық IT-компаниялармен ынтымақтастық орнатылып жатыр.

Білім жүйесіндегі тағы бір елеулі буын – техникалық және кәсіптік білім беру саласы. Осы жерде халқымызда қалыптасқан жақсы дәстүрді атап көрсеткен де орынды. Кез келген ата-ана “балама қайткен күнде де жоғары білім беруім керек” деген пікір ұстанады. Сөйте тұра қазіргі заман талабын да ескерген жөн емес пе? Алайда ондай мамандар керек пе, жоқ па және жоғары оқу орнын бітірген адам өз тамағын өзі тауып жейтіндей лайықты жұмыс таба ала ма – ол жағын қоғам көп салмақтамай тұр. Жұмыс таба алмай сенделіп жүрген жоғары білімді мамандар, бір мамандық бойынша білім алып, артынан лезде басқа саланың “маманы” болып шыға келетіндер бүгінде ешкімді алаңдатпайтын болды. Мамандықтардың қаттығы мен шашетектілігі нарық пен бәсекенің елегінен әлі өте қойған жоқ.

Осындай көңіл-күй үстем жерде техникалық және кәсіптік білім алып, нақты бір мамандықты игеріп, өзін асырай алатындай жағдайға жетіп, ата-анасына сүйеніш боларлықтай, отбасын құра аларлықтай дәрежеге жетуге ұмтылу туралы ой бейқам жастардың қаперіне де кірмейді. Оның үстіне жекелеген оқу орындарының оларды қызықтырарлықтай жағдайы да жоқ.

Ендеше алдымызда техникалық және кәсіптік білім жүйесін халықаралық бағдарламалармен сәйкестендіру, жаңашыл кәсіптік стандарттар енгізу, еңбек нарығында сұранысты қатаң ескеру, экономиканың барлық саласын қажетті кадрлармен қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл мәселе жұмыс берушілермен бірлесе отырып атқарылуы қажет.

Сонымен бірге Елбасының тапсырмасына сәйкес осыдан екі жыл бұрын басталып кеткен өңірлерде іргелі зертханалар қалыптастыру шарасы лайықты жалғасын табуы керек. Бұл техникалық және кәсіптік білім беру орындарының оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханаларын заманға сай оқу-өндірістік және технологиялық құралдармен жаңарту және қайта жабдықтау ісінде үлгі болғаны абзал.

Техникалық және кәсіптік білімнің бағдары мен мамандықтары жөніндегі жіктеуішті (классификатор) қайта қарау да – күн тәртібіндегі мәселе. Сонымен қатар тү-лектердің кәсіби дайындығы мен біліктілігін анықтауға арналған тәуелсіз бағалау жүйесін ендірудің де кезі келген сияқты.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері Мемлекет басшысы білікті мамандар дайындау ісіне үнемі көңіл бөліп келе жатқаны белгілі. Кең байтақ елімізді дамыту үшін, оның қойнауында жатқан ен байлықты тиімді игеру үшін, жаңа заман технологияларын меңгеру үшін білікті мамандар ешқашан көптік етпейді. Бүгінгі студент – елімізде қабылданған стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды іске асыратын болашақ маман.

Көптеген өркениетті елдер даму стратегиясын айқындап, жүйелеу кезінде жоғары білімнің сапасын бірінші орынға қояды. Әлемде жоғары білім – жалпы білім, ғылым және мәдениеттің тоғысқан жері. Сондай-ақ жоғары білім – кәсіби машықтану алаңы. Бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріп отырады, ол қанша күрделенсе де, әрқашан жаңа мүмкіндіктер ашумен болады. Жаһандану, өңірлік ықпалдастық, студенттердің ұтқырлығы дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапаның болуын талап етеді. Біз “халықаралық стандарт” деп жүрген өлшемдер – сапаның түрлі тарамы мен белгісі.

Бүгінде дүние жүзі мемлекеттері мен олардың білім жүйелері жаһандану үдерісіне үн қосып, бұдан әрі дамудың жаңа стратегиялары мен бағдарламаларын ұсынып отыр.

Елбасының халыққа Жолдауында бұл мәселе де айтылды. Отандық университеттер рейтингі жөнінде қатаң талап қойылды. Жоғары оқу орындарының халықаралық деңгейдегі қызметін жандандыру туралы тапсырмалар берілді. Қазір күн тәртібінде тұрған оқу орны мен мамандықтарды халықаралық аккредиттеуден өткізу – Елбасының бақылауында тұрған тапсырмалардың бірі. Мұнда да бізге саннан гөрі сапа маңызды.

Елдің интеллектуалдық капиталы мен қоғамның инновациялық әлеуеті тек қана білім арқылы келетіндігі мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, университеттерге деген бұрынғы көзқарасты өзгертіп, оларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды нысанына айналдыру – қатал уақыт айқындаған шындық. Жоғары мектепті тек білімнің ғана емес, бүкіл қоғам дамуының мұзжарғыш кемесіне айналдыру – басты мақсатымыздың бірі. Елбасы тапсырмасына сәйкес, енді университеттеріміз білім экономикасының өзегі болып, еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күшіне айналуы шарт.

Бүгінгі таңда қайсыбір мемлекеттік және жекеменшік университеттер бұрынғы ескірген біліми-ғылыми әдістемелік база жағдайында өмір сүріп отыр. Мемлекет басшысы сын көтермейтін жағдайды шұғыл өзгертуді қатаң тапсырып, университеттер ел экономикасының қарқынды дамуына, интеллектуалды ұлттың қалыптасуына үлес қосуын қоғамдық абырой-беделінің бір өлшемі ретінде байыптады. Бұл талап оқу орны басшыларының жауапкершілігін арттырады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Білімнің Мемлекетшіл Қуаты/Дархан МЫҢБАЙ, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі.
(<http://www.egeten.kz>)
2. "Білім туралы" жаңа заң сапалы білімге кепілдік береді" - "Егемен Қазақстан" газеті, 16.08.2007 ж.
(<http://www.edu.gov.kz>)
3. Жаңа заң бізге жаңа бағыт береді/Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Білім және ғылым министрі/«Айқын» 22.02.11
(<http://www.scedu.kz>)